

Барлық деңгейдегі қала құрылышы жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 706 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 желтоқсанда № 12414 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 20-бабының 11-8) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Барлық деңгейдегі қала құрылышы жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыш, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімдік баспасөз басылымдарында және "Әділет". ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Досаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 20 қарашадағы
№ 706 бұйрығымен
бекітілген

Барлық деңгейдегі қала құрылышы жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 14.07.2023 № 513 (07.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Барлық деңгейдегі қала құрылышы жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 20-бабының 11-8) тармақшасына сәйкес әзірленген, барлық деңгейдегі қала құрылышы жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу тәртібін белгілейді және қала құрылышын жоспарлау және аумақтарды дамыту саласында Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын құрылыш қызметі барлық сәulet, қала құрылышы және құрылыш субъектілерін басқару үшін міндettі болып табылады.

2. Қағидалар Заңының 64-3-бабының 3) тармақшасында көзделген "бір терезе" қағидаты негізінде қаржыландыру көздеріне қарамастан барлық деңгейдегі қала құрылышы жобаларының кешенді қала құрылышы сараптамасын (бұдан әрі – қала құрылышы сараптамасы) жүргізу тәртібін айқындайды.

3. Барлық деңгейдегі қала құрылышы жобалары үшін қала құрылышы сараптамасы "бір терезе" қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

4. Қала құрылышы сараптамасын Заңының 64-4-бабында белгіленген өз құзыретіне сәйкес мемлекеттік сараптама ұйымы жүргізеді, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларына сәйкес тапсырыс беруші мен мемлекеттік сараптама ұйымдары арасында жасалған шарттар негізінде жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік сараптама ұйымы "Сараптама комиссияларын (сараптама топтарын) құру және кешенді ведомстводан тыс сараптамаға және қала құрылышы сараптамасына қатысу үшін мамандарды (мамандандырылған институттар мен ұйымдарды) тарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 306 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10635 болып тіркелген) Сараптама комиссияларын (сараптама топтарын) құру және кешенді ведомстводан тыс сараптамаға және қала құрылышы сараптамасына қатысу үшін мамандарды (мамандандырылған институттар мен ұйымдарды) тарту қағидаларына сәйкес сараптама комиссияларын (топтарын) құрайды.

6. Қала құрылышы сараптамасын жүргізу құны "Объектілер құрылышының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылышын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 780 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12681 болып тіркелген) Объектілер құрылышының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама

, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылышын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларына сәйкес анықталады.

7. Қала құрылышы сараптамасынан өтпеген және оң қорытындысын алмаған барлық деңгейдегі қала құрылышы жобалары бекітуге жатпайды.

2-тaraу. "Бір терезе" қағидаты бойынша қала құрылышы сараптамасын өткізу тәртібі

1-параграф. Қала құрылышы сараптамасының мақсаты мен міндеттері

8. Қала құрылышы сараптамасының мақсаты жобалау шешімдерінің сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жобалауға арналған бастапқы құжаттардың (материалдардың, деректердің) шарттарына сәйкестігін (сәйкесіздігін) анықтау арқылы қала құрылышы жобаларының сапасын талдау және бағалау, сондай-ақ жобалық шешімдер мен есептеулерде қала құрылышы және техникалық регламенттердің талаптарын, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттардың нормалары мен ережелерін, сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтік құқықтық актілердің нормаларын сақтау болып табылады.

9. Қала құрылышы сараптамасын жүргізу барысында:

1) бекітілген жобалық тапсырма және бастапқы құжаттар (материалдар, деректер);

2) сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің ережелеріне, нормалары мен талаптарына жобалық шешімдер мен есептеулердің сәйкестігіне қала құрылышы жобаларын бағалау бойынша міндеттер орындалады.

2-параграф. Қала құрылышы сараптамасын өткізуға қала құрылышы жобаларын ұсыну және қабылдау

10. Тапсырыс берушілер осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес қала құрылышы сараптамасын жүргізу үшін құжаттамалар жиынтығын ұсынады.

11. Ұсынылған қала құрылышы жобасының және бастапқы құжаттардың жинақтылығы мен құрамы Қала құрылышы жобаларының кешенді қала құрылышы сараптамасына ұсынылатын құжаттардың (материалдардың) тізбесінің сәйкестігі:

республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және халқының есептік саны жүз мыңдан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларын қоспағанда, елді мекендердің бас жоспарлары бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде, мемлекеттік сараптама ұйымында көрсетілген материалдар тіркелген күннен бастап, сондай-ақ егжай-тегжайлі жоспарлау жобалары (бұдан әрі – ЕТЖЖ) және құрылыш салу жобалары (бұдан әрі – КСЖ) бойынша осы Қағидалардың 1-қосымшасына;

жалпы мемлекеттік және өнірлік маңызы бар қала құрылышы жобалары бойынша, сондай-ақ елді мекендерді дамыту мен салудың қала құрылышы жобалары бойынша, оның ішінде республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және халықтың есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарлары бойынша 15 (он бес) жұмыс күні ішінде көрсетілген материалдар мемлекеттік сараптама ұйымында тіркелген күннен бастап осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес тексеріледі.

Қала құрылышы жобасының және бастапқы құжаттардың толық еместігі немесе осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген құжаттардың құрамына қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні анықталған кезде 5 (бес) жұмыс күні және 15 (он бес) жұмыс күні өткен соң, тапсырыс берушіге қала құрылышы жобасын сараптамаға қабылдаудан бас тарту және қала құрылышы жобасын және (немесе) жоғарыда аталған талаптарға сәйкес бастапқы құжаттарды сәйкес келтіргеннен кейін оларды сараптамаға қайта ұсыну үшін жетіспейтін материалдарды көрсете отырып, оны қараусыз қайтару туралы ресми хабарлама жіберіледі.

12. Қала құрылышы жобаларының құрамы мен мазмұны, сондай-ақ қала құрылышы жобаларының электрондық-цифрлық нысанына қойылатын талаптар

"Қала құрылышы жобаларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылыш салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 505 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21342 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Қала құрылышы жобаларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылыш салу жобалары) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларында айқындалады.

13. Мемлекеттік сараптама ұйымы қала құрылышы сараптамасын жүргізу кезінде "Қызмет бабында пайдалану үшін" (бұдан әрі – ҚБПУ) деген белгісі бар қала құрылышы жобаларын қоспағанда, барлық рәсімдер мен операцияларды өз ақпараттық жүйесі және жобалардың ведомстводан тыс кешенді сараптамасының бірыңғай порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы жүзеге асырады.

14. ҚБПУ деген белгісі бар қала құрылышы жобалары электрондық жеткізгіштерде мемлекеттік сараптама ұйымына қала құрылышы сараптамасын жүргізу үшін ұсынылады.

15. Мемлекеттік сараптама ұйымының қарауына олардың талап етілетін жиынтықтылығы мен құрамы расталғаннан кейін қала құрылышы жобасын (оған қоса берілетін бастапқы құжаттарды ескере отырып) қабылдау, сондай-ақ сараптама жұмыстарының құнын, оларды жүргізу мерзімдері мен ұзақтығын белгілеу тапсырыс берушімен қала құрылышы жобасына қала құрылышы сараптамасын жүргізуге шарт жасасу үшін негіз болып табылады.

16. Қала құрылышы сараптамасын жүргізуге шарт тараптардың уәкілетті өкілдерінің электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қойылған электрондық цифрлық нысанда (электрондық шарт) Портал және мемлекеттік сараптама ұйымының ақпараттық жүйесі арқылы жасалады.

ҚБПУ деген белгісі бар қала құрылышы жобасына қала құрылышы сараптамасын жүргізуге шарт қағаз жеткізгіште жасалады.

17. Қала құрылышы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалады.

Мемлекеттік монополияға жатқызылған қала құрылышы сараптамасын жүргізуге арналған шарт жария болып табылады және мемлекеттік сараптама ұйымы тапсырыс берушілермен жасасады.

18. Жеке меншік субъектілеріне тиесілі жер участекелерінің шекарасында әзірленген ЕТЖЖ және ҚСЖ бойынша қала құрылышы сараптамасы жер участекелерінің меншік иелері немесе құрылыш салушылар, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларына сәйкес тапсырыс беруші, мемлекеттік сараптама ұйымы және жер участекесінің меншік иесі (құрылыш салушы, инвестор) арасында жасалған үш жақты шарт бойынша инвесторлар қаражаты есебінен жүргізіледі.

3-тарау. "Бір терезе" қағидаты бойынша қала құрылышы сараптамасын жүргізу

19. Қала құрылышы сараптамасына ұсынылған қала құрылышы жобасын оның бастапқы құжаттарымен бірге тапсырыс беруші Портал арқылы осы материалдардың жиынтықтылығы мен құрамының электрондық жеткізгіштерде мемлекеттік сараптама ұйымына ұсынылатын ҚБПУ деген белгісі бар қала құрылышы жобаларын қоспағанда, мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкестігін белгілеу үшін мемлекеттік сараптама ұйымына жібереді.

20. Қала құрылышы сараптамасын жүргізу барысында сарапшылар:

1) тапсырыс берушіден және қала құрылышы жобасын әзірлеушіден олар ұсынатын қажетті материалдар мен ақпаратты сарапшы белгілеген мерзімде сұратады және алады ;

2) ұсынылған қала құрылышы жобасының қала құрылышы және техникалық регламенттер нормаларына, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттардың нормалары мен ережелеріне, сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтердің нормаларына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады;

3) осы Қағидалардың 23-тармағында көзделген тәртіппен оларды жою мақсатында дәлелді ескертулер береді.

3-параграф. Қала құрылышы сараптамасын жүргізу мерзімі мен ұзақтығы

21. Қала құрылышы сараптамасын жүргізудің нормативтік ұзақтығы қала құрылышы жобасының түрін ескере отырып айқындалады.

22. Қала құрылышы сараптамасын жүргізу мерзімі мен ұзақтығы мемлекеттік сараптама ұйымы мен тапсырыс беруші арасында жасалған шартта айқындалады, бірақ :

1) Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және халқының есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың, ЕТЖЖ және ҚСЖ бас жоспарларын қоспағанда, елді мекендердің бас жоспарлары бойынша 45 (қырық бес) жұмыс күнінен;

2) жалпы мемлекеттік және өнірлік маңызы бар қала құрылышы жобалары бойынша, сондай-ақ елді мекендерді дамыту мен салудың қала құрылышы жобалары бойынша, оның ішінде республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және халықтың есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарлары бойынша 60 (алпыс) жұмыс күнінен аспайды.

23. Қала құрылышы сараптамасын жүзеге асыру мына кезеңдерге және мерзімдерге бөлінеді:

1) қала құрылышы сараптамасының ең ұзақ ұзақтығы 60 (алпыс) жұмыс күні.

Негізгі кезең:

қала құрылышы жобасының ұсынылған материалдарын қарау, талдау және анықталған сәйкесіздіктер бойынша сарапшылардың ескертулер беруі – 26 (жырма алты) жұмыс күні;

қала құрылышы жобасын әзірлеушінің сараптамалық ескертулерді әзірлеуі және олар бойынша жауаптар беруі – 14 (он төрт) жұмыс күні;

сарапшылардың ескертулерге берілген жауаптарды қарауы және қала құрылышы жобасының тиісті бөлімдері бойынша қорытынды баға беруі – 10 (он) жұмыс күні.

Корытынды кезең:

сарапшылардың қала құрылышы жобасының тиісті бөлімдерінің нормативтік талаптарына сәйкестігі бойынша қорытындыларды дайындауы, қала құрылышы сараптамасының қорытындысын ресімдеуі және беруі – 10 (он) жұмыс күні;

2) қала құрылышы сараптамасының ең ұзақ ұзақтығы 45 (қырық бес) жұмыс күні.

Негізгі кезең:

қала құрылышы жобасының ұсынылған материалдарын қарау, талдау және анықталған сәйкесіздіктер бойынша сарапшылардың ескертулер беруі – 20 (жырма) жұмыс күні;

қала құрылышы жобасын әзірлеушінің сараптамалық ескертулерді әзірлеуі және олар бойынша жауаптар беруі – 10 (он) жұмыс күні;

қала құрылышы жобасының тиісті бөлімдері бойынша берілген жауаптарды, ескертулерді және қорытынды бағалауды сарапшылардың қарауы – 10 (он) жұмыс күні.

Қорытынды кезең:

сарапшылардың қала құрылышы жобасының тиісті бөлімдерінің нормативтік талаптарына сәйкестігі бойынша қорытындыларды дайындауы, қала құрылышы сараптамасының қорытындысын ресімдеуі және беруі – 5 (бес) жұмыс күні.

24. Қала құрылышы сараптамасын жүргізу барысында ескертулерді белгіленген мерзімде жоймау қала құрылышы жобасын одан әрі қараусыз теріс сараптама қорытындысын беруге негіз болып табылады. Мұндай жағдайларда сараптама жүргізуге шарттың қолданысы тоқтатылады.

4-параграф. Қала құрылышы сараптамасын тоқтату

25. Қала құрылышы сараптамасын жүргізу барысында мемлекеттік сараптама ұйымының одан әрі ресімдеу және беру, сондай-ақ тапсырыс берушінің сараптама қорытындысын алу қажеттілігі болмаған мән-жайлар туындаған жағдайларда қала құрылышы жобасының тапсырыс берушісі қала құрылышы сараптамасын тоқтату қажеттігі туралы ресми өтінішті тапсырыс берушінің мұндай шешімінің негізділігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, мемлекеттік сараптама ұйымына жібереді.

Тапсырыс беруші мемлекеттік сараптама ұйымына негізделген өзгерістер енгізілген жағдайларда (бөлек немесе жиынтығында) қала құрылышы сараптамасын тоқтату қажеттігі туралы ресми өтініш жібереді:

жобалау тапсырмасында;

бастанқы құжаттар (материалдар, деректер);

қаланы дамыту немесе елді мекендердің әкімшілік-аумақтық бағыныстылығы тұжырымдамасын немесе қала құрылышын реттеу аумақтарының шекараларын өзгертуге байланысты жергілікті атқарушы органдың қала құрылышы регламенттерінің шарттары мен талаптары;

негізделген құжаттарды қоса бере отырып, тапсырыс берушінің қала құрылышы сараптамасынан бас тарту туралы шешімі.

26. Мемлекеттік сараптама ұйымы және қала құрылышы сараптамасының тапсырыс берушісі орындалған жұмыс актісін жасай отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен қала құрылышы сараптамасын жүргізуге арналған шартты бұзуды ресімдейді.

27. Егер қала құрылышы сараптамасының тапсырыс берушісінің растайтын құжаттар қоса бере отырып, қала құрылышы сараптамасын тоқтату қажеттілігі туралы ресми өтініші сарапшылардың ескертулерге берілген жауаптарды қарауы және қала құрылышы жобасының тиісті бөлімдерінің қорытынды бағасы үшін белгіленген

мерзімдерде ұсынылған жағдайда, онда қала құрылышы сараптамасын жүргізуге арналған шарт жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша бұзылуға жатпайды және мемлекеттік сараптама ұйымы шарттық міндеттемелердің орындалуын аяқтайды.

28. Бұрын қайтарып алғынған және қайта ұсынылған қала құрылышы жобалары бойынша қала құрылышы сараптамасын жүргізу жаңадан әзірленетін қала құрылышы жобалары үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

29. Мемлекеттік сараптама ұйымы сәulet-құрылыш бақылау және қадағалау органдарының және өзге де үәкілетті мемлекеттік органдардың актілерін, сондай-ақ қала құрылышы жобаларының бастапқы құжаттарының дұрыс еместігі, оларды өзгерту немесе жою фактісін растайтын сот шешімдерін алған кезде, мемлекеттік сараптама ұйымы мұндай шешімдердің негіздемесімен қала құрылышы сараптамасының шартын біржакты тәртіппен бұзады.

Қала құрылышы жобасын әзірлеу немесе қала құрылышы сараптамасын жүргізу кезеңінде орын алған жоғарыда аталған фактілерді ұсынған кезде мемлекеттік сараптама ұйымы бұрын берілген оң сараптамалық қорытындыларды кері қайтарып алады.

4-тaraу. Қорытынды ережелер

30. Жүргілген қала құрылышы сараптамасының нәтижелері бойынша мемлекеттік сараптама ұйымы:

1) қаралып жатқан қала құрылышы жобасын және оның негізгі ережелерін бекітуге ұсынымы бар сараптаманың оң қорытындысын;

2) қала құрылышының жобасы сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы бастапқы құжаттарда (материалдарда, деректерде) және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерде белгіленген талаптарға, шарттарға немесе шектеулерге сәйкесіздіктер анықталған кезде, сараптаманың теріс қорытындысын береді.

31. Қала құрылышы жобасына сараптамалық қорытынды "Қала құрылышы және құрылыш жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттамалар) бойынша сараптама қорытындыларын ресімдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 305 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10636 тіркелген) Қала құрылышы және құрылыш жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттамалар) бойынша сараптама қорытындыларын ресімдеу қағидаларына сәйкес жасалады.

32. Қала құрылышы жобасы жиынтығының электрондық нұсқасы түпкілікті редакцияда қала құрылышы құжаттамасын беру электрондық жеткізгіштерде жүзеге асырылатын ҚБПУ деген белгісі бар қала құрылышы жобаларын қоспағанда, қала құрылышы сараптамасының оң қорытындысы берілгенге дейін қала құрылышы жобасының тиісті бөлімдеріне немесе бөліктеріне жауапты сарапшылардың

электрондық-цифрлық қолтаңбасымен куәландыру арқылы мемлекеттік сараптама үйимының ақпараттық жүйесінде қалыптастырылады.

33. Қорытындыларды беру электрондық жеткізгіште жүзеге асырылатын ҚБПУ деген белгісі бар қала құрылышы жобаларын қоспағанда, тапсырыс берушіге қала құрылышы сараптамасының қорытындысын беру және оларды қабылдау-тапсыру актісін ресімдеу Портал арқылы жүзеге асырылады.

34. Тапсырыс берушіге қала құрылышы сараптамасының оң қорытындысы берілгеннен кейін қала құрылышы жобасының түпкілікті редакциясы беру электрондық тасымалдағышта жүзеге асырылатын ҚБПУ деген белгісі бар қала құрылышы жобаларын қоспағанда, мемлекеттік қала құрылышы кадастрының дерекқорына тіркеу үшін жіберіледі.

35. Қала құрылышы сараптамасының оң қорытындысын алған қала құрылышы жобасының түпкілікті редакциясында ҚБПУ деген белгісі бар қала құрылышы жобасы жиынтығының электрондық нұсқасы және қала құрылышы жобасы жиынтығының қағаз нұсқасы кейінгі үш жыл ішінде бақылау мұрағаттық данасы ретінде тапсырыс беруші мен әзірлеушіде (бас жобалау үйимында) сақталады.

Қала құрылышы сараптамасының оң қорытындысын алған, түпкілікті редакциясында ҚБПУ деген белгісі бар қала құрылышы жобасының жиынтығы бақылау мұрағаттық данасы ретінде тапсырыс берушіде, әзірлеушіде (бас жобалау үйимында) және мемлекеттік қала құрылышы кадастрының деректер базасында сақталады.

36. Қала құрылышы сараптамасының қорытындысы жаңа бас жоспардың немесе өзгерістер мен толықтырулары бар бас жоспардың қала құрылышы сараптамасының қорытындысы алынғанға дейін жарамды.

37. Тапсырыс беруші сараптама қорытындысының қорытындыларында көрсетілген шарттарды (талаптарды) сақтамаған жағдайда, сондай-ақ осы Қағидаларда көрсетілген жағдайларда мемлекеттік сараптама үйимы бұрын берілген оң қорытындыларды кері қайтарып алады.

Барлық деңгейдегі қала
құрылышы жобаларына кешенді
қала құрылышы сараптамасын
жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және халқының есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларын қоспағанда, елді мекендердің бас жоспарлары, сондай-ақ егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары және құрылышы салу жобалары бойынша кешенді қала құрылышы сараптамасына ұсынылатын құжаттамалардың (материалдардың) тізбесі

Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және халқының есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларын,

егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын және құрылымын салу жобаларын қоспағанда, елді мекендердің бас жоспарлары бойынша кешенді қала құрылымының сараптамасын жүргізуге тапсырыс берушінің (оның деректемелерін көрсете отырып) өтініміне кешенді ведомстводан тыс бірыңғай портал арқылы мынадай құжаттар қоса беріледі:

1. Қала құрылымының жобаларын әзірлеуге негіз болатын бастапқы құжаттар:

1) жобалау процесінің жоспарланған мерзімі мен ұзақтығын көрсете отырып, қала құрылымының жобаларын қаржыландыру туралы тапсырыс берушінің шешімі;

2) тапсырыс беруші бекіткен жобалау тапсырмасы (қала құрылымының жобасын әзірлеу үшін). Жобалау тапсырмасын жасау, келісу және бекіту тәртібі мемлекеттік құрылымының нормаларымен және қағидаларымен анықталады;

3) қала құрылымының жобалары бойынша қоғамдық талқылау хаттамасы;

4) жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелерінің және "Қала құрылымының жобаларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылымын салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 505 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 21342 болып тіркелген) Қала құрылымының жобаларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары және дамыту жобалары) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларымен (бұдан әрі – Әзірлеу қағидалары) және Жобалау тапсырмасымен айқындалатын басқа да ұйымдардың келісімі;

5) "Жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сондай-ақ сәulet, қала құрылымының және құрылымының қызметі объектілерін мемлекеттік қала құрылымының кадастрының деректер базасында тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 172/НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9603 болып тіркелген) бекітілген Жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сондай-ақ сәulet, қала құрылымының және құрылымының қызметі объектілерін мемлекеттік қала құрылымының кадастрының деректер базасында тіркеу қағидаларында айқындалған тәртіппен мемлекеттік қала құрылымының кадастрының деректер базасында тіркелген топографиялық түсірілім;

6) тапсырыс берушінің әзірленген егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын, құрылымын салу жобаларын Әзірлеу қағидаларында айқындалған мемлекеттік қала құрылымының кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, елді мекендердің бас жоспарларымен бекітілген функционалдық аймақтарға сәйкестігіне салыстыру рәсімінен өтуі туралы ақпарат.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Өнеркәсіп және құрылымын салу министрінің м.а. 12.07.2024 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Сараптамаға ұсынылған қала құрылышы жобасына тапсырыс беруші және әзірлеуші туралы ақпарат:

1) занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, салықтар және басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамада көзделген тапсырыс берушінің құжаттарының көшірмелері (занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік, ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы қуәлік (болған жағдайда));

2) тапсырыс берушінің банктік деректемелері;

3) жобалық қызметтің осы түріне құқық беретін, оған қосымшалары және лицензиат санаты көрсетілген жобаны әзірлеуші (бас жобалау және қосалқы жобалық ұйымдар) занды тұлғаның лицензиясы;

4) қала құрылышы жобасын әзірлеу бойынша жұмыстардың құнын есептеу.

3. Географиялық ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып және Әзірлеу қағидаларының талаптарына сәйкес әзірленген электрондық (векторлық) түрдегі қала құрылышы құжаттамасы және қала құрылышы жобасының схемалары.

Барлық деңгейдегі қала
құрылышы жобаларына кешенді
қала құрылышы сараптамасын
жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Жалпы мемлекеттік және өнірлік маңызы бар қала құрылышы жобалары бойынша, сондай-ақ елді мекендерді дамыту мен салудың қала құрылышы жобалары бойынша, оның ішінде республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және халықтың есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарлары бойынша кешенді қала құрылышы сараптамасына ұсынылатын құжаттамалардың (материалдардың) тізбесі

Тапсырыс берушінің жалпы мемлекеттік және өнірлік маңызы бар қала құрылышы жобалары бойынша, сондай-ақ елді мекендерді дамыту мен салудың қала құрылышы жобалары бойынша, оның ішінде республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және халықтың есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарлары бойынша кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу туралы өтініміне (оның деректемелерін көрсете отырып) жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптаманың бірынғай порталы арқылы мынадай құжаттар қоса беріледі:

1. Қала құрылышы жобаларын әзірлеуге негіз болатын бастапқы құжаттар:

1) жобалау процесінің жоспарланған мерзімі мен ұзақтығын көрсете отырып, тапсырыс берушінің қала құрылышы жобасын қаржыландыру туралы тапсырыс берушінің шешімі;

2) "Қала құрылышы жобаларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылыш салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 505 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 21342 болып тіркелген) бекітілген Қала құрылышы жобаларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын және құрылыш салу жобаларын) өзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына (бұдан әрі – Әзірлеу қағидалары) сәйкес мүдделі мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың келісімі;

3) тапсырыс беруші бекіткен жобалау тапсырмасы (қала құрылышы жобасын өзірлеу үшін).

Жобалау тапсырмасын жасау, келісу және бекіту тәртібі сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтермен айқындалады;

4) елді мекендерді дамыту мен салудың қала құрылышы жобалары бойынша, оның ішінде республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және халықтың есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарлары бойынша қоғамдық талқылау хаттасы;

5) жергілікті атқарушы органдың құрылымдық бөлімшелерінің және жобалау тапсырмасымен айқындалатын басқа да ұйымдардың және Әзірлеу қағидаларына сәйкес келісімі;

6) "Жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сондай-ақ сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі объектілерін мемлекеттік қала құрылышы кадастрының деректер базасында тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 172/НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9603 болып тіркелген) бекітілген Жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сондай-ақ сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі объектілерін мемлекеттік қала құрылышы кадастрының деректер базасында тіркеу қағидаларында айқындалған тәртіппен мемлекеттік қала құрылышы кадастрының деректер базасында тіркелген топографиялық түсірілім;

7) тапсырыс берушінің әзірленген егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын, құрылыш салу жобаларын Әзірлеу қағидаларында айқындалған мемлекеттік қала құрылышы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, елді мекендердің бас жоспарларымен бекітілген функционалдық аймақтарға сәйкестігіне салыстыру рәсімінен өтуі туралы ақпарат.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылыш министрінің м.а. 12.07.2024 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Сараптамаға ұсынылған қала құрылышы жобасына тапсырыс беруші және әзірлеуші туралы ақпарат:

1) занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, салықтар және басқа да міндепті төлемдер туралы заңнамада көзделген тапсырыс берушінің құжаттарының көшірмелері (занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік, ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы қуәлік (болған жағдайда));

- 2) тапсырыс берушінің банктік деректемелері;
 - 3) әзірлеу үшін занды тұлғаның лицензиясы талап етілмейтін жалпыменлекеттік маңызы бар қала құрылышы жобаларын қоспағанда, оған қосымшаларымен және жобалық қызметтің осы түріне құқық беретін лицензиат санаты көрсетілген занды тұлғаның – жоба әзірлеушісінің (бас жобалау және қосалқы жобалық үйымдар) лицензиясы.
 - 4) қала құрылышы жобасын әзірлеу бойынша жұмыстардың құнын есептеу.
3. Географиялық ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып және Әзірлеу қағидаларының нормаларына сәйкес әзірленген электрондық (векторлық) түрдегі қала құрылышының құжаттамасы және қала құрылышы жобаларының схемалары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК